

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ШЕТ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ШЕТ ТІЛДЕРІ:
ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯСЫ»
атты халықаралық онлайн ғылыми-практикалық
конференцияның материалдарының жинағы

26 қараша, 2021 ж.

Collection of articles of the International
online scientific and practical conference
"FOREIGN LANGUAGES IN ASIAN COUNTRIES:
TEACHING EXPERIENCE AND INNOVATION"
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence

November 26, 2021

Сборник материалов Международной
научно-практической онлайн-конференции
«ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ В СТРАНАХ АЗИИ:
ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ И ИННОВАЦИИ»,
посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан

26 ноября 2021 г.



INNOVATION

Нур-Султан
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ**

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

**Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы» атты
халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференцияның
материалдарының жинағы
26 қараша, 2021 ж.**

**Collection of articles of the International online scientific and practical
conference "Foreign Languages in Asian Countries:
Teaching Experience and Innovation"
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence
November 26, 2021**

**Сборник материалов Международной научно-практической
онлайн-конференции «Иностранные языки в странах Азии: опыт
преподавания и инновации», посвященной 30-летию независимости
Республики Казахстан
26 ноября 2021 г.**

@Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А30

Редакция алқасы:

Төраға – Қосыбаев М.М., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің деканы
Жауапты редактор – Мейрамбекова Л.К., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі
Ғылыми редакторлар – Бейсембаева С.Т., ф.ғ.к.,
Есенғалиева А.М., п.ғ.к.
Техникалық редакторлар – Милованова Н.В., магистр;
Кулахметова Ж.Т., магистр

«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы»
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары (26 қараша 2021 жыл). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 299 б.

ISBN 978-601-337-620-2

Жинаққа «Азия елдерінде шет тілдерін оқыту: тәжірибесі мен инновациясы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары енді. Конференцияға Ресей Федерациясы, Франция, Испания, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Қазақстан білім берудегі саласының мамандары қатысты.

Жинақта білім беру ісінің өзекті мәселелері, осы заманғы озық технологияларды меңгеру мен оны оқыту ісінде қолданудың тиімді әдістері, кредиттік оқыту жүйесінің теориясы мен әдістемелік негіздері, педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасы, халықаралық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері кең көлемде қамтылған.

Конференция материалдары профессор-оқытушылар құрамына, ЖОО-ның білім алушыларына, сонымен қатар қалың көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-337-620-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Қашықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт. Қазір біздің міндетіміз, қазіргі жаһандық дағдарыс нәтижесінде әзірленген, игерілген және сақталған нәрсеге көз жеткізу болып табылады. Болашақта білім беру практикасына қосылуы тиіс бұл барлық оқушылар үшін оқытудың сапасы мен әсерін арттырады және шын мәнінде, бүкіл әлемдегі миллиондаған оқушы үшін жоғары сапалы оқу мен білімге қол жеткізуді кеңейте алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. « Педагогикалық диалог» журналы 2020ж. №2,4
2. <https://en.wikipedia.org/wiki/Microsoft.One.Note>.

ӘОЖ 303.442.2

ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ-"ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ"

Бейсен Айнұр

010ablove@163.com

Шығыстану кафедрасының аға оқытушысы,
Этнология ғылымдарының докторы, Ph.D(ҚХР),
Л.Н. Гумилев ат.ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қадысқызы Айгүл

kadys_a@mail.ru

Шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы,
Л.Н. Гумилев ат.ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Чан Ди

Charles.chang@cqut.edu.cn

Әлеуметтік жұмыстар факультетінің доценті,
Заң ғылымдарының докторы, Ph.D (ҚХР),
Чунцин технологиялық университеті, Чунцин, ҚХР

Қытай иероглифы қытай тарихында сан жылдар бойы жалғасып келе жатқан жазу. Ол қытай қоғамының дамуына ілесіп күні бүгінге дейін дамып өзгеріп келе жатыр. «Лю шу» теориясы арқылы қытай иероглифтерінің құрылымы туралы алғашқы жүйелі зерттелген теория қалыптасты. Формалық

дыбыс (Син шэн 形声) жазуы ең үздік қытай тіл иероглифының құрылымы деп саналады. Қытай иероглифы дамып формалық дыбыс жазу кезеңіне жеткеннен кейін, Қытай елінің үздік иероглифтерін жасау, туындату әдісін қалыптастырды.

Ханзи (汉字) депте аталатын қытай иероглифтері шамамен бес мың жыл бұрын пайда болған әлемдегі жазба тілдің ең ерте түрлерінің бірі болып табылады. Сюй Шэнь жасаған «Шо вэнь цзе цзы» сөздігінде 9353 иероглиф қамтылған, Цин империясы тұсында (1644 – 1911 ж.ж) Чжан Юйшу (张玉书) құрастырған «Канси» (康熙) сөздігінде 47035 иероглиф кірген. Қытай - жапон сөздігінде 48902 иероглиф, «Қытай тілінің үлкен сөздігінде» (汉语大字典) (Тайвань, 1968) 49905 иероглиф бар. Қазіргі кезде ғалымдар қытай иероглифтерінің жалпы санын 100 мың деп болжайды[1;4]. Қытайда жүргізілген зерттеулер қытайлық газеттермен журналдардың 90%-ы 3500 негізгі иероглифты пайдаланатынын көрсеткен. Қытай иероглифтерін үйрену және оларды есте сақтау оңай шаруа емес. Ең тиімді әдіс ол қытай иероглифтерінің құрылымы теориясымен танысу арқылы меңгеру болып табылады. Қытай иероглифы құрылымы теориясы қытай таңбаларын сипаттаудың жүйелі теориялық негізін қамтамасыз етеді, оны НинВан (六书) «Люшу» негізінде ұсынған. Теория қытай иероглифтеріне талдау үшін компоненттерді, яғни белгілі бір мағына беретін құрамдас бөліктерді пайдаланады.

Лю шу (六书) [2;13-15] – Шығыс Хань дәуірінен бұрынғы қытай мәдениетінің энциклопедиясы деп бағаланады. Ол жауласқан бектіктер заманының соңғы жылдарында кеңінен таралған иероглиф теориясы. Батыс Хань дәуірінің соңғы жылдарына келгенде «Лю шу» алты түрге бөлінеді:

1. Пішіндік жазу (Сян син 象形) ең алдымен бейнелеу тәсілінен пайда болып, адамдар заттың, құбылыстың бейнесіне қарап оның суретін салған. Мысалы, адамдар күнге қарағанда күннің дәл ортасына көз нұры жетпеген, яғни қара болып көрінеді. Осыған қарап күн (☀, 日) жазуын бейнелегенде дөңгелектің ортасына бір қара нүкте қойған. Ал ай жазуына келсек, жаңа туылған ай көбінде сопақ бейнеде көрінеді. Тек он бесінде ғана дөңгелек болып толысады. Адамдар жаңа туған айға қарап оның жарым шеңберін сызған(☾, 月).

Пішіндік жазу тұлғалық және тәуелділік деп екі түрге бөлінеді. Тұлғалық жазу – бейнелейтін заттың сурет-бейнесін толқытай салып шығу. Мысалы, көз (目), су (水), жол (行), тасбақа (龟) иероглифтері осы тұлғалық түр арқылы жасалған. Тәуелділік жазу – жеке тұлғаға тәуелді болатын құбылыс пен бейнелер. Мысалы, жеміс (果) атауын жазғанда, алдымен ағаштың сызбасының үстіне жемістің суретін салған. Ал қас (眉) әрібін жазу үшін оны көздің үстіне бейнелеген.

2. Нұсқаушы жазу (Чжи ши 指事), бұл тәсіл иероглифты көріп тану, зерделеп мағанасын түсіну, иероглифты оқып әрі тануға арлаған теория. Нақтырақ айтқанда, бұл атау заттың, құбылыстың бейнесі арқылы емес, керісінше дерексіз объекті арқылы түсіндіру.

Нұсқаушы жазу – негізінен дерексіз сөйлем құраудың тәсілі. Яғни, ол бейнесіз немесе нақты құбылыссыз атауларды дерексіз таяқша белгілермен таңбалап, объекті түрде сөйлемге немесе сөзге айналдырады. Мысалы, (上) "上" бұл иероглиф «биік, жоғары» деген мағананы білдіреді. "丨" белгісі жерден жоғары ұғымын білдіріп тұр. Ал, ся (下) иероглифы «төмен, асты» деген мағананы білдіріп, бұндағы (一) белгі сызығы жер бетін білдіреді. Ал, ся (下) көлденең бір сызықпен шектеледі. Нүкте немесе қысқа сызықтар көлденең белгі сызықтан жоғары немесе төмен деңгейлік орынды көрсету үшін қолданған. Жэнь(丌) иероглифы «өткір, қыр, жүз» деген мағананы білдіреді. Дао (刀) пышақ деген мағананы білдірсе, (刃) әрібіндегі нүкте белгі «'» пышақтың қыры дегенді білдіру үшін қосарланған.

3. Ойды түсіндіріп бейнелеу жазуы (Хуй и 会意). Бұл екі немесе одан да көп қытай таңбаларының қосындысынан құралған, мағаналарына қарай қытайша жаңа таңбаны бейнелейді. Бұнда иероглиф буындарының бір-біріне қосылуынан пайда болған жаңа мағаналы сөздерге қаратылған. Мысалы, «жэнь» (人) сөзі адам деген мағананы білдіреді. Екі (人) қатар келіп (从) таңбасын жасаса, ол сөздің мағанасы «адамға еру, ілесу» ді білдіреді. Екі жэнь (адам 人) иероглифын жақындатса, «салыстыру» ұғымын білдіретін би (比) сөзі жасалады. Сол сияқты, Екі жэнь (北) әрібінде адамның арқасын қарама-қарсы қаратса арқа– (背) деген сөз жасалады. «жэнь» (人) сөзінің қасына (人) сөзін төңкеріп жазса хуа (化) сөзі болып, ол «еру, жоқ болу» деген мағананы береді. Вэй (位) сөзіндегі 亻 таңбасы «адам» деген мағананы білдірсе, «ли» (立) таңбасы «тұру» деген мағананы береді. Екі буын бірігуінен «орын» деген мағына шығады. Ал, фа (伐) таңбасы «кесу» деген мағананы білдіреді. Бұндағы 亻 белгісі «адам» деген мағананы білдірсе, соңындағы 戈 таңбасы «құрал» деген мағананы береді. Бұнда адамдар өзара соғысқанда құрал қолдануынан «фа» (伐) кесу деген сөз пайда болған.

4. Формалық дыбыс жазу (Син шэн 形声), ол қытай таңбаларын жасау тәсіліне сілтеме жасайды. Болған болмыстың атауына қарап дыбыстайды. Бұл тәсілмен жасалған сөздерге (Син шэн 形声) формалық дыбыс жазу, нұсқаушы жазу (Чжи ши 指事), ойды түсіндіріп жазу (Хуй и 会意) тәсілдері аралас қолданылады. Екі жазудың бірігуінен құралып, біреуі пішінін сомдаса, екіншісі дыбыстауын білдіреді. Син шэн – бұл иероглиф жасаудың ең тиімді түрі. Мағаналық таңбалар әдетте пішіндік жазу (Сян син 象形) ретінде немесе заттарға сілтеме беру ретінде, ал дыбыстық белгілер «Син шэн» заттарға сілтеме жасау немесе сөздерді білу ретінде қолданылады.

Жоғардағы методика иероглифтердің формасы және дыбысталу жүйесіндегі таңбаның оқылуына қолданылады. «Шо вэнь цзе цзы» (说文解字) атты еңбектің ішіндегі 9353 иероглифтың 82% «Син шэн» яғни формалық дыбыс жазу болып табылады [1; 4]. Ал, «өзен, дәрияны» білдіретін (河) әрібіндегі (氵) таңбасынан сөздің мағанасын болжауға болады. Бұл «су» мағынасын білдіреді, соңындағы (可) таңба иероглифтың дыбысталуын білдіреді, екі буын қосылып

«өзен» сөзін бейнелейді. «Ма» (妈) сөзінің алдындағы «ньюй» (女) жазуы «әйел» деген мағана білдірсе, «ма» (马) буыны сөздің дыбысталуын белгілеп, екі буын қосылып «ана, шеше» деген ұғымды береді.

5. Бірі арқылы екіншісін түсіндіріп жазуы (Чжуань чжу转注), бұл синонимдық сөз тәсілі, мағыналас сөздерден ортақ ұғым қалыптастырушы. Бұл дауыстың дамуымен өзгеруін немесе диалектілердегі айырмашылықты көрсетеді. Сонымен бірге, ол тіл мен жазба құбылысында білдіреді. Мысалы, (𠂇 (老) 𠂇 (考)) «лао» (老), «као» (考) екі иероглифтың бір ортақ буыны (耂) бар. Бұл жазу қарт деген мағынаны береді. Бүгінде (考) сөзінің орынына (老) сөзін ғана қолдана алады. Ал «као» (考) мағанасымен қолданылуы ауысқан. Бұл екі жазу бір фонемаға жатады. Лю шу методикасындағы бұл Чжуань чжу және Цзя цзеатты екі түрлі әдісінен принциптік жақтан жаңа иероглиф тұындамайды. Ғалым Сюй Шэньның қарауынша, бір бөлшегі ұқсайтын сөздердің, яғни, кілті бір иероглифтың мағанасын өзара түсіндіруге болады. «Дин» (顶) және «дянь» (颠) екі иероглиф бір тонға және бір мағанаға жатады.

6. Пайдаланушы жазу (Цзя цзе假借), бұл қажетті жазуды немесе мағананы білдіру үшін бірдей дыбыстары бар иероглифтерді пайдалануды білдіретін жазу тәсілі. Яғни, иероглиф дыбыстарының ұқсастығына немесе жақындығына қарап иероглифтың мағанасын түсіндіру. Қытай иероглифтері пішіндік жазу және кескін тәрізді таңбалардан дамыған. Заттардың бейнелейтін кескіндері болады. Ал кейбір мағаналарды кескіндер мен штрихтар арқылы таңбалауға тура келеді. Дегенмен, белгілі бір заттарды бейнелейтін көптеген ұғымдар кез-келген уақытта пішіндік жазумен кескіндерде бейнеленбейді. Сондықтан, бұл әдісте аталған ерекшеліктерді уақытша – «қарызға» пайдаланады. Бұл жерде дыбысы

бірдей немесе ұқсас сөздермен ұсынады. Мысалы, (𠂇 (背) 𠂇 (北)) таңбасындағы «бэй» (背) мен «бэй» (北) сөзі әуелде «бағыт, бағдарды» білдірсе, кейін екі адамның теріс қараған бағытта отырған кескінін білдіретін «арқа» деген сөз жарыққа шыққан. Бұндағы «юе» (月) сөзі ертеде «ет» (𠂇) деген мағананы да білдіретін[3; 606].

Қорытындылай келе, «Лю шу» теориясы арқылы қытай иероглифтерін үйрену әртүрлі сөздермен ұғымдар арасындағы байланысты ашу арқылы тілді мазмұнға енгізуге көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Вань Сяньчу, Шо вэнь цзе цзы 12 тарауы. Монография. Пекин: «Чжун хуа шу цзюй» ЖШС, 2019.- 366 бет.
2. Тан Кэцзин, Шо вэнь цзе цзы түсіндірмесі. Монография. Шанхай: «Шанхай Гу цзи» ЖШС, 2019. -546 бет.
3. Дуань Юйцай, Шо вэнь цзе цзыға түсінік. Монография. Пекин: «Чжун хуа шу цзюй» ЖШС, 2013. -959 бет.